

Қазақстан Республикасында этносаралық толеранттылықтың қалыптасуы





Толеранттылық (лат. *tolerantia* — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші.



Полиэтникалық Қазақстан Республикасында этносаралық толеранттылыққа ерекше көңіл аударуды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатады. Елімізді мекендейтін барша 140 этнос өкілдерін біріктіретін ортақ тарихи тағдыр, достық, туысқандық бірдейлік қазіргі таңда бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа жетелейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру бағытында күш біріктіруде.

Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Ең қауіптісі — олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», — деп жазған еді. ХХ ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянудың көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды. Мемлекет басшысының көреген бұл идеясы 1995 жылы жүзеге асып, ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған саяси ұйым дүниеге келді.

Ата заңымыздағы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталатын конституциялық идея Қазақстан халқын біртұтас мемлекеттің тең құқылы, ерікті азаматтарының саяси қауымдастығы ретінде танып, олардың этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан бір елдің азаматы ретінде сезінуіне, жақындасуына, ұйымдасуына және қоғамдық келісімге әрі бүгінгідей ұлттық бірліктің қалыптасуына жол ашты.

Конституциямыздың 1-бабында әлем елдері конституцияларының ешбірінде де кездеспейтін ерекше норма бекітілген. Яғни, Қазақстан Республикасы

Конституциясының 1-бабының 2 тармағында «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», - деп атап көрсетілуі де осы ойымызды бекемдеп, нықтай түседі.

Еліміздің қазіргі даму белесіндегі этникааралық татулық пен этносаралық қарым-қатынастардың негізгі діңгегі ретінде Елбасымыз қазақстандық табыстың үш кілтін көрсеткен болатын. Олар:

Бірінші. 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл ғаламат құндылық.

Екінші. Біздің барлығымызға және әрқайсысымызға тән тағаттылық.

Біздің әралуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіруші факторға айналуы керек.

Үшінші. Бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы.



Әлемдік қоғамдастық таныған ел ретінде этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, Еуроодақ сияқты халықаралық ұйымдар мен көптеген мемлекеттер алдында таныстырылды. Мемлекетімізден тәжірибе алу үшін 19 елдің 60-тан астам өкілдерінен ұсыныс келіп түсті. Қазақстандық үлгі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 56 мемлекетінің тіліне аударылды.

Біріншіден, бұл күнде қазақстандық деген атау тұтас ұлтқа интеграцияланды. 95% қазақстандықтар өзін «Біз – Қазақстан ортақ халқының өкіліміз» – деп есептейді. «Бір ел – бір тағдыр» қағидасын 93% қазақстандықтар қолдады.

Екінші жетістік, Қазақстан – қауіпсіз және тұрақты мемлекет. Оны жалпы халықтың басым бөлігі қолдап отыр. Қазақстан полиэтникалық мемлекет деп – 82% астам қазақстандық есептейді.

Үшіншіден, Қазақстан көпэтностық мемлекет болуы біздің негізгі стратегиялық артықшылығымыз. Этносаралық қатынастар деңгейінің жақсы екендігін қазақстандықтар толық мойындап отыр. Халықтың түгелге жуығы өзге этнос өкілдерімен қарым қатынасын жақсы және бейтарап деп санайды.

Төртіншіден, Қазақстандағы азаматтардың Құқығы мен мүмкіндіктері тең сақталған. Халықтың барлығына жуығы – Қазақстанда өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін сақтауға әрі дамытуға мүмкіндік бар деп есептейді.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саясатымен орныққан этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі қазіргі күнде әлемдік деңгейде мойындалды деп айтуға болады. Дегенмен, еліміздің болашағы болып табылатын қазақстандық жастарға оның шынайы мәні мен маңызын және оның бастауында тұрған идеяны жан-жақты түсіндіру бағытындағы жұмыстар мен шаралардың өзектілігі сақталып қала бермек. Аталмыш бағытта Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Мемлекеттік саясатты даму қоры» қоғамдық қоры еліміздің бес жоғары оқу орындарында "Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі" тақырыбында жыл сайынғы республикалық дәрістерді өткізді.



Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI - сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени сан алуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған.